

ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жұоба

(жұмыс түрінін атауы)

Ашев Амангали Дүйсендіевтің

(білім алушының аты-жөні)

Жұрмалық инженериясы - 6807302

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

„Ақтөбе облысы, Темірбек Жүргенов ауылының
қазіргі жағдайы“

Дипломдық жұобада берілген мағлұматтар
өз талаптарына сай орындалған. Таңдалған тақырыпқа
байланысты бастапқы мағлұматтар алынған
есептеу әдістері орындалған.

Студент Ашев Амангали дипломдық жұобаны
тақырып орындалған және компьютерлік программалар
ды игерді.

Дипломдық жұоба „85“ баллаға лайық.

Жетекші

(қолы)

«12» 06 2023 ж.

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагияттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Алиев А.Д.

Тақырыбы: 2023 Дипломная работа Алиев.А исп (8).docx

Жетекшісі: Куляш Алимова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 0.4

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0

Дәйексөз (35): 0.7

Әріптерді ауыстыру: 100

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 46

Ақ белгілер: 178

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні *02.06.23т*

Кафедра меңгерушісі

Алимова Р.Ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Алиев А.Д.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: 2023 Дипломная работа Алиев.А исп (8).docx

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 0.4

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 46

Знаки из здругих алфавитов: 100


Интервалы: 0

Белые Знаки: 178

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 2.06.232


Жанарбай Д. У.
проверяющий эксперт

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Алиев А.Д.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: 2023 Дипломная работа Алиев.А исп (8).docx

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 0.4

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 46

Знаки из других алфавитов: 100

Интервалы: 0

Белые Знаки: 178

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 02.06.23г

Заведующий кафедрой
Алимова К.А.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер мен желілер кафедрасы

Алиев Амангали Дуйсенбиевич

«Ақтөбе қаласы Темірбек Жүргенов ауылын газбен жабдықтау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер мен желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
_____ К.К. Алимова
«12» _____ 06 _____ 2023ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Ақтөбе облысы, Темірбек Жүргенов ауылын газбен жабдықтау»

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

Орындаған



Алиева А.Д.

Пікір бергені

_____ О.В.
_____ А.К.
«12» _____ 06 _____ 2023 ж.
2007



Жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. проф.
_____ Алимова К.К.
«12» _____ 06 _____ 2023ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер мен желілер кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖ/еЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.

К.К. Алимова

«28» 04 2023ж.

Дипломдық жұмыс орындауға арналған

ТАПСЫРМА

Білім алушы Алиев Амангали Дүйсенбиевич

Тақырыбы: «Ақтөбе облысы, Темірбек Жүргенов ауылын газбен жабдықтау»

Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың 2023 жылғы «28» сәуір 618-б
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны таспыру мерзімі 2023 жылғы «15» маусым.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: газдың жану жылулығы 35600
кДж/м³. Халықтың орташа тығыздығы 200 адам/га. Орталықтандырылған
ыстық сумен жабдықталған үйлер 65%. Газ қолданбалы су қыздырғыштары
жабдықталған пәтерлер 25%. Денсаулық сақтау мекемелерінде ас дайындау
70%. Қоғамдық тамақтану мекемелері, наубайхана, кір жуу орындары,
моншаларда 40%. Өнеркәсіп орындарының жылдық жылу қолдану мөлшері
140·10⁹ кДж.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)




1) Газбен қамту жүйесінің бас жоспары; 2) Төменгі қысымдағы газ
желілернің сұлбасы; 3) Орташа (жоғарғы) қысымдағы газ желілерінің
сұлбасы; 4) Қазандықтың сұлбасы; 5) Технологиялық карта.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан


**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	28.04.2023-10.05.2023	орындағанды
Құрылыс жинақтау жұмысының технологиясы	11.05.2023-20.05.2023	орындағанды
Экономика бөлімі	20.05.2023-31.05.2023	орындағанды

**Дипломдық жоба бөлімдернің кеңесшілері мен
Норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтанбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі. (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойған күні	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмысының технологиясы	К.К.Алимова техн.ғыл.канд., қауым.проф.	10.05.2023	
Экономика бөлімі	К.К.Алимова техн.ғыл.канд., қауым.проф.	18.05.23	
Норма бақылаушы	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым. проф.	11.06.2023	

Жетекші



Алимова К.К.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды



Алиев А.Д.

Күні

« 01 » 05 2023ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобада Ақтөбе қаласының Темірбек Жүргенов ауылына газ желілерін өткізу, тұтынушылардан кететін шығындары есептеу арқылы газбен жабдықтау болып табылады.

Қала ауданының сипаттамалары қарастырылып, гидравликалық есептеулер жүргізіледі. Орташа қысымды газ желесін ұйымдастыру мен технологиясына қажетті есептеулер жүргізіледі. Жоғарғы және орташа қысымның техникалық-экономикалық негіздемесі жасалып, ең жақсы нұсқасы қолданылды. Құрылыс монтаждау-техникалық бөлімінде монтаждау жұмыстары, жер жұмыстары және бас құрылыс жоспарлары орындалды.

Жылумен, газ реттеу орны технологиялық құбырларға гидравликалық есептеулер және қажетті құрал – жабдықтар таңдалды.

АННОТАЦИЯ

Дипломным проектом является газоснабжение села Темирбека Жургенова города Актобе с расчетом затрат на реализацию газовых сетей, потребителей.

Рассматриваются характеристики района города, производятся гидравлические расчеты. Производятся расчеты, необходимые для организации и технологии газопровода среднего давления. Разработано технико-экономическое обоснование высокого и среднего давления, применен оптимальный вариант. В строительном-монтажном отделе выполнены монтажные работы, земляные работы и генеральные планы строительства.

Выбраны гидравлические расчеты и необходимое оборудование для технологических трубопроводов теплового, газового регулирования.

ABSTRACT

The diploma project is the gas supply of Temirbek Zhurgenov village of Aktobe city with the calculation of costs for the implementation of gas networks, consumers.

The characteristics of the city area are considered, hydraulic calculations are performed. Calculations necessary for the organization and technology of the medium-pressure gas pipeline are made. A feasibility study of high and medium pressure has been developed, the optimal option has been applied. In the construction and installation department, installation works, earthworks and general construction plans have been carried out.

Hydraulic calculations and necessary equipment for technological pipelines of thermal and gas regulation are selected.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобалау аймағаның жалпы мәліметтері	8
1.2 Аймақтағы газды жылдық тұтынуды есептеу	9
1.3 Газдың максималды есептелген сағаттық шығының анықтау	12
1.4 Төмен қысымдағы газ желілерін гидравликалық есептеу	13
1.5 Төмен қысымдағы газ құбырларын гидравликалық есептеу	16
1.6 Апатты жағдайдағы газ шығынын қарастыру	17
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	19
2.1 Объектінің сипаттамасы және құрылыс шарттары:	19
2.2 Дайындық жұмыстары	19
2.3 Жер жұмыстары	21
2.4 Құрылыс жинақтау жұмыстары мен машиналарын таңдау	23
2.5 Жер жұмыстарында жарақаттанудың алдын алу	25
2.6 Электр тоғынан жарақаттанудан алдын алу	26
2.7 Өрт қауіпсіздігі	27
3 Экономика	29
ҚОРЫТЫНДЫ	30
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	31
ҚОСЫМША	33

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде табиғи газға сұраныс пен қажеттілік артып келеді. Себебі, табиғи газ басқа отындарға қарағанда тиімді болып саналады. Еліміздегі газ өндіру қазіргі уақытта халық шаруашылығына өте қажет. Газды отын ретінде пайдалану халық тұрмысын жақсартуға, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге көп пайдасын тигізеді. Газ отынын тиімді пайдалану көптеген қаржыны үнемдеуге әсерін тигізеді. Жылу көздерінің ПЭК – н жоғарлату, отынды үнемдеу, өнеркәсіптік пештердің тиімділігін арттыру сияқты жетістіктер өндірілетін өнімнің саны мен сапасын жоғарлата түседі.

Тұрғын ауданды газбен қамдаудың өзіндік артықшылықтары бар:

- халықтың тұрмысын жақсартуға;
- қатты отын(тас көмір) түрін алмастыруға;
- аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға (табиғи газды пайдалану барысында атмосфераға зиянды заттар мөлшері қатты және сұйық отындарымен (мазут) салыстырғанда бірнеше есе аз);

Тұрғын ауданды газбен қамдау мақсатында төмендегі мәселелерді қарастыру керек:

- тұтынушыларға қажет газ шығынын анықтау;
- газ құбырларының диаметрлерін анықтау;
- газ құбырларын пайдалану барысында қауіпсіздік ережесін сақтау;
- газ реттеу орнының (ГРО) жабдығын және орналасатын жерін таңдау,
- өзіндік құнын анықтау;
- газбен қамдалатын объектілер ауданын анықтау.

«Ақтөбе қаласы Темірбек Жүргенов ауылын газбен жабдықтау» жобасы ауыл үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді техникалық тұрғыдан шешеді. Одан әрі зерттеумен, жобалау үшін Ақтөбе қаласының Әйтеки би ауданы толығымен таңдалған болатын. Тұрмыстық секторды, өнеркәсіпті және экологиялық таза табиғи газды пайдаланатын жылу және энергия көздерін газбен қамтамасыз етеді.

Табиғи газ өнеркәсібі металлургиядан бастап, табиғи газ құбырлары үшін құбыр металдарын пайдалану туралы шешім, теория мен практика, жылу мен сапа сияқты бірқатар ғылыми-техникалық сұрақтар қарастырылды.

Басқа отын түрлеріне қарағанда тұрғын үй секторын газбен жабдықтау жобаларын эксплуатациялауда үнемді, сенімді әрі қауіпсіз болып табылады.

Бұл дипломдық жобада орта және төмен қысымды желілерден тұратын Қаражар ауылын табиғи газбен қамтамасыз ету, яғни 2 кезеңдік жүйе қабылданған. Қаланың жылдық газды тұтынуы, оның ішінде тұрғын үйлер мен әлеуметтік желілерді жылытуға, желдетуге және ыстық сумен жабдықтауға есептелген.

Газ құрылғыларының жұмысы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- 1) жылу жүктемесі – құрылғы тұтынатын газдағы жылу мөлшері, кВт;
- 2) өнімділік – қыздыру органына берілетін пайдалы жылу мөлшері;
- 3) Тиімділік – өнімділіктің жылу жүктемесіне қатынасы.

Қоғамдық, тұрғын үйлер мен шағын тұрмыстық тұтынушыларды төмен қысымды газбен қамтамасыз ету, ал ірі тұрмыстық және өндірістік тұтынушыларды, сондай-ақ аудандық қазандықтарды жабдықтау орта қысымды желілерден жүзеге асырылады. ГРО мен ірі тұрмыстық тұтынушылар (моншалар, кір жуатын орындар, наубайханалар және қазандықтар) орташа қысымды газды тұтынушылар болып табылады. Құрылымның екі нұсқасында белгілі бір техникалық-экономикалық түрде салыстырсақ, жоғары және орта қысымды сақиналы желімен газбен жабдықтау жүйесі орнатылған. Табиғи газ газдың жоғарғы энергия тасымалдаушысы болғандықтан, экономикалық дағдарыс болған жағдайда газбен жабдықтау әлеуметтік-экономиканың дамуының негізі бола алады, халықтың тұрмыстық және еңбек жағдайлары жақсарта алады.

Ақтөбе қаласының Темірбек Жүргенов ауылын газбен қамту үшін төмен және орташа қысымды газ құбырын тарту және монтаждау бойынша жұмыстарды өндіру жобасын әзірленді. Жерасты газ құбырларын тарту және пайдалану кезінде қауіпсіз жұмыстарды жүргізуге талдау жасалды.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалау аймағының жалпы мәліметтері

Аймақтағы газды тұтыну келесідей топтарға бөлінеді: тұрмыстық, өндірістік, жылыту мен желдетуге, сонымен қатар қоғамдық және коммуналдық. Газды тұтынуына байланысты жылыту жүктемелері екіге бөлінеді: мерзімдік және жылбойлық. Тұрғын аймақтарды желдету, жылыту, ыстық сумен қамту тікелей адам саны мен ұамту аймағының ауданына байланысты болып табылады.

Тұтынушыларды газбен жабдықтау үшін табиғи газдар көптен қолданылады. Бұл газдар жер қабатынан өндіріледі. Олар метан қатарындағы көмірсутек қоспаларынан құралады. Табиғи газдар құрамында сутегі, көмірсутек оксиді және оттегі кездеспейді. Кейбір газ кендерінде аз мөлшерде күкіртсутек кездеседі.

Табиғи газдар мынадай 3 топқа бөледі:

- табиғи газ кендерінен өндірілетін газдар (олардың құрамында көбінесе метан кездеседі);
- мұнай кендерде мұнаймен бірге өндірілетін газдар(бұл газдарда метаннан басқа да көмірсутекті газдар кездеседі);
- шықтану кендерінде өндірілетін газдар(бұлар құрғақ газдар мен қысымның төмендеуіне байланысты шықтардан түзілген бұлардың қосындысынан тұрады).

Жылумен қамту барысында тұрғындар орналасқан ауданның бірнеше кварталдарға бөлініп, қажетті шамадағы жылу жүктемелері анықталады.

Ақтөбе қаласының Темірбек Жүргенов ауылының климаттық сипаттамасына келсек, континенттік климатқа жатқандықтан жаз мезгілі ыстық, ал қыс мезгілі сәкесінше суық әрі ұзақтылығымен, жауын-шашынның мөлшерлігі мен желдің белсенділігінің жоғарылауымен сипатталады. Сыртқы температурасы минус 15,1°С, ал орташа жылдық ауа температурасы минус 4,2°С, жылыту кезеңінің ұзақтылығы 210 күнді құрайды. Жылыту кезеңіндегі орташа желдің жылдамдығы 2,5 м/с құрайды. Ауыл аймағын көбіне тұрғын үйлер мен қоғамдық мекемелермен қамтылған, халықтың орташа тығыздығы 200адам/га. Газдың жану жылулығын 35600кДж/м³, орташа қысымды газдың құбыры бір сақиналы тармақтардан, төменгі қысымды газдың желілері негізгі, тұйықталған, сақиналы газ реттеуші орындармен жобаланған. Жобалауға қажетті есеп көрсеткіштері келесідей есептеледі.

Жобалауға қажетті есеп көрсеткіштері келесідей есептеледі.

1.2 Аймақтағы газдың жылдық тұтынуды есептеу

Жобалау аймағының тұрғындар саны келесі формуламен анықталады:

$$N=331,7 \cdot 200=66340 \text{ адам} \quad (1.2.1)$$

Тұрғын ғимараттарының жалпы ауданы:

$$A=66340 \cdot 18=1194120 \text{ м}^2 \quad (1.2.2)$$

бұл жерде $f - 18 \text{ м}^2/\text{адам}$ – бір адамға шаққандағы тұрғын аймақтың нормасы

Жалпы тұрғын үйлердің газдың жылдық шығыны келесідей формуламен:

$$Q_{y \text{ кв}} = \frac{1 \cdot 66340 \cdot (2800 \cdot 0,55 + 4600 \cdot 0,15 + 8000 \cdot 0,3)}{35600 \cdot 10^{-3}} = 8627,93 \times 10^3 = 8,6 \times 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ} \quad (1.2.3)$$

Тұрмыстық қызмет көрсету орындарының газ жылдық шығыны:

1) кір жуу орындары

$$Q_{y \text{ п}} = \frac{100 \cdot 0,1 \cdot 0,4 \cdot 66340 \cdot 18800}{1000 \cdot 35600 \cdot 10^{-3}} = 140,13 \cdot 10^3 = 0,14 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ} \quad (1.2.4)$$

2) моншалар

$$Q_{y \text{ б}} = \frac{0,1 \cdot 0,4 \cdot 66340 \cdot 52 \cdot 40}{35600 \cdot 10^{-3}} = 155,04 \cdot 10^3 = 0,155 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ} \quad (1.2.5)$$

Кәсіпорындардың жалпы шығыны

$$Q_{y \text{ бп}} = (0,14 + 0,155) \cdot 10^6 = 0,295 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ} \quad (1.2.6)$$

Қоғамдық тамақтану орталықтарының газдың жылдық шығыны:

$$Q_{y \text{ пбо}} = \frac{360 \cdot 0,3 \cdot 0,4 \cdot 66340 \cdot (4,2 + 2,1)}{35600 \cdot 10^{-3}} = 507,17 \cdot 10^3 = 0,507 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ} \quad (1.2.7)$$

Денсаулық сақтау орталықтарының газдың жылдық шығыны:

$$Q_{y \text{ уз}} = \frac{12 \cdot (0,75 \cdot 3200 + 0,3 \cdot 9200) \cdot 66340}{1000 \cdot 35600 \cdot 10^{-3}} = 115,39 \cdot 10^3 = 0,115 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ} \quad (1.2.8)$$

Наубайханалардағы газдың шығыны:

$$Q_{y \text{ хз}} = \frac{0.7 \cdot 365 / 1000 \cdot 0.4 \cdot 66340 \cdot 2500}{35600 \cdot 10^{-3}} = 476 \cdot 10^3 = 0.48 \cdot 10^6 \text{ м}^3 / \text{ЖЫЛ} \quad (1.2.9)$$

Өндірістік емес қызмет көрсету орталықтарының газдың шығыны:

$$Q_{y \text{ м бпо}} = 0.05 \cdot Q_{y \text{ кв}} = 0.05 \cdot 8.6 \cdot 10^6 = 0.43 \cdot 10^6 \text{ м}^3 / \text{ЖЫЛ} \quad (1.2.10)$$

Өнеркәсіп орталықтарындағы газдық жыл бойғы шығыны:

$$Q_{y \text{ пп}} = \frac{150 \cdot 10^9}{35600} = 4.2 \cdot 10^6 \text{ м}^3 / \text{ЖЫЛ} \quad (1.2.11)$$

Қоғамдық ғимараттардың желдету, жылыту мен орталықтандырылған ыстық суды даярлауға кететін газдың шығынын анықтаймыз:

Алдымен желдетуге, жылытуға, БІСҚ кететін максималды жылу ағындарын қарастырамыз

1) қоғамдық және тұрғын ғимараттарының жылыту мен желдетуге:

$$A = f \cdot 1.5 \cdot N = 12 \cdot 1.5 \cdot 66340 = 1194120 \text{ м}^2 \quad (1.2.12)$$

мұндағы f – бір адамға шаққандағы тұрғын ауданның орташа мөлшері:

$$Q'_{o \text{ ма}\square} = 159 \cdot 1194120 \cdot (1 + 0.25) = 237.3 \text{ МВт} \quad (1.2.13)$$

$$Q'_{v \text{ ма}\square} = 0.25 \cdot 0.6 \cdot 159 \cdot 1194120 = 28.5 \text{ МВт} \quad (1.2.14)$$

2) Жылытылатын мезгілде сыртқы ауа температурасы $+8^\circ\text{C} - t^\circ\text{C}$ аралығын да өзгеріске ұшырайды, сәйкесінше жылыту мен желдету ағымдары келесідей есептеледі, Вт:

а) жылытуға

$$Q_{\text{жыл}} = 237.3 \cdot \frac{18 + 4.2}{18 + 15.1} = 159.2 \text{ МВт}, \quad (1.2.15)$$

б) желдетуге

$$Q_{\text{жел}} = 28.5 \cdot \frac{18 + 4.2}{18 + 15.1} = 19.1 \text{ МВт}. \quad (1.2.16)$$

3) жылытылатын маусымдағы ыстық су беруді дайындау:

$$Q'_{\text{hm}} = q_h \cdot N = 376 \cdot 66340 \cdot 0.55 = 13.7 \text{ МВт} \quad (1.2.17)$$

4) жылытылмайтын маусымдағы ыстық суды даярлау:

$$Q'_{hm} = 13.7 \cdot \frac{55-15}{55-5} \cdot 0.8 = 8.8 \text{ МВт} \quad (1.2.18)$$

Қоғамдық және тұрғын ғимараттардың жылытуға кеткен газ шығыны:

$$Q_{y,o} = \frac{159.2 \cdot 210 \cdot 24 \cdot 3600 \cdot 1.1}{35600 \cdot 10^{-3} \cdot 0.83} = 107.5 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл} \quad (1.2.19)$$

Қоғамдық ғимараттың желдетуге кеткен газ шығыны:

$$Q_{y,v} = \frac{19.1 \cdot 2.1 \cdot 16 \cdot 1.1 \cdot 3600}{35600 \cdot 10^{-3} \cdot 0.83} = 8.6 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл} \quad (1.2.20)$$

Ыстық сумен қамтуға кететін газ шығыны:

$$Q_{y,h} = \frac{[13.7 \cdot 1.1 \cdot 210 + 8.8 \cdot (350 - 210)] \cdot 24 \cdot 3600}{35600 \cdot 10^{-3} \cdot 0.83} = 12.9 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл} \quad (1.2.21)$$

Жылыту, желдету, ыстық сумен жабдықтауға кететін жалпы жылдық газ шығыны:

$$Q_{y,ovh} = Q_{y,h} + Q_{y,v} + Q_{y,o} = (12.9 + 8.6 + 107.5) \cdot 10^6 = 129 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл} \quad (1.2.22)$$

Ұсақ жылыту қондырғыларына кететін газдың жылдық шығыны:

$$\begin{aligned} Q_{y,ovh} &= \eta_2 \cdot (Q_{y,v} + Q_{y,o}) \cdot 10^6 \cdot \frac{1}{1.1} = \\ &= 0.1 \cdot (107.5 + 8.6) \cdot 10^6 \cdot \frac{1}{1.1} = 10.55 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл} \end{aligned} \quad (1.2.23)$$

Төмен қысымды газ желісіне қосылған тұтынушылардың жылдық газ шығыны:

$$Q_{y,нд} = (8.6 + 0.115 + 0.43 + 10.55) \cdot 10^6 = 19.7 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл} \quad (1.2.24)$$

Орташа қысымды газ желісіне қосылатын тұтынушылардың жылдық газ шығыны:

$$Q_{y,сд} = (0.14 + 0.155 + 0.507 + 0.48 + 4.2) \cdot 10^6 = 5.5 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл} \quad (1.2.25)$$

Ауыл аймағының жалпы жылдық газ шығыны:

$$Q_y = [19.7 + 5.5 + (107.5 + 8.6)(1 - 0.1) + 12.9] \cdot 10^6 = 142.6 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл} \quad (1.2.26)$$

1.3 Газдың максималды есептелген сағаттық шығынын анықтау

Барлық газ тұтыну қондырғылары үшін жергілікті газбен жабдықтау құрылыстарын жобалау кезінде газды тұтыну қысымы бойынша есептелген сағаттық максималды газ шығынын анықтаңыз, бұл әр топ үшін жеке жүргізілуі керек.

Шағын қалалар үшін тұтынушылар келесідей бөлінеді:

- орташа қысымды газ тұтынушылары;

- төмен қысымды газды тұтынушылар.

Төмен қысымды газды тұтынушыларға мыналар жатады;

- тұрғын үйлер;

- денсаулық сақтау мекемелері;

- шағын тұрмыстық қызмет көрсету орталықтары;

- шағын кәсіпорындар.

Тұрғын үйлер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың ішкі газ жабдықтауларына тұрмыстық және өндірістік газ құбырлары, газ аспаптары мен газды жағу қондырғылары кіреді.

Газ тарату жүйесі газбен жабдықтау көздерін, көлемі мен мақсатын, елді мекеннің көлемі мен схемасын ескере отырып таңдалады.

Төмен қысымды желінің тұтынушылары үшін максималды сағаттық газ шығынын анықталады:

$$Q_{d \text{ снд}}^h = \frac{1}{2650} \cdot 19.7 \cdot 10^6 = 7434 \text{ м}^3/\text{сағ} \quad (1.3.1)$$

мұндағы $1/2650$ – халық санына байланысты орташа сағаттық коэффициент.

Орташа қысымды газ желісін тұтынушыларының газ шығыны:

1) моншаларға

$$Q_d^h = \frac{1}{2700} \cdot 0.155 \cdot 10^6 = 57.41 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

мұндағы $1/2700$ – қоғамдық мекемелерге сәйкес келетін сағаттық максималды коэффициент

2) кәсіпорындарға

$$Q_d^h = \frac{1}{2900} \cdot 0.295 \cdot 10^6 = 101.72 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

3) қоғамдық тамақтану орталықтары

$$Q_d^h = \frac{1}{2000} \cdot 0.507 \cdot 10^6 = 253.5 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

4) наубайханаларға

$$Q_d^h = \frac{1}{6000} \cdot 0.48 \cdot 10^6 = 80 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

5) өнеркәсіп орталықтарына

$$Q_d^h = \frac{1}{5400} \cdot 4.2 \cdot 10^6 = 778 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

6) аудандық қазандықтарға

$$Q_d^h = \frac{[(1-0.15)(237.3+28.5)+13.7] \cdot 1.1 \cdot 3600}{35600 \cdot 0.83 \cdot 10^{-3}} = 32115.03 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

Орташа қысымды желі тұтынушылардың жалпы максималды есепті газ шығыны:

$$Q_{do}^h = 57.41 + 101.72 + 253.5 + 80 + 778 + 32115.03 + 7434 = 40819.66 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

1.4 Төмен қысымды газ желілерін гидравликалық есептеу

Газ тарату станциясы қалалық мекенді табиғи газбен қамтиды, оның жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі $Q_H = 35600$ кДж/м³, газ тығыздығы $\rho = 0,72$ кг/м³.

$P = 0,003$ МПа қысымы жоғарылаған газ-өнеркәсіптік бағыт бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық үшін квартал ішіндегі газ шығарылған жерден шығарылады. Бұл дипломдық жобада жоғарғы ($P = 0,6$ МПа) және төменгі ($P = 0,005$ МПа) қысымы бар екі сатылы газ желісімен қамту жүйесі таңдалды. Ауыл аймақтарындағы түрлі газдың қысымын қажет ететін тұтынушылар жоқ, сондықтан да ауыл тұрғындарына орташа қысымды газ тікелей газ желілері арқылы таралады.

Газ құбырлары көбінесе жер астымен, ал сәулет талаптарына сәйкес жағдайларда жер бетімен жүргізіледі. Жерге көмілген, құбырлардың төмендігі түскен салмақтың әсер етпеу шамасымен анықталады. Сонымен қатар жер асты құбырлары жақсы жылу ажыратқыш болып табылады.

Тереңдік өскен сайын жұмсалатын қаржы да өсе түседі.

Газ құбырларын жүргізу кезінде олардан тоттанудан сақтау қажет.

Темір тоттанған кезде сыртқы бетін қоршаушы орта әсерімен бұзыла бастайды. Қаладағы газ құбырларын тоттанудан сақтану үшін алдын – ала мынадай көрсеткіштер анықталады:

- құбырлар жүргізілетін жерлердің тоттануға әсері;
- жер қабатындағы кездейсоқ токтардың болуы;
- газ құбырларының электрлік тоттану шарттары.

Жалпы тоттануға мынадай көрсеткіштер әсер етеді:

- топырақ құрамы;
- топырақ ылғалдылығы;
- құбырлар жүргізілетін тереңдік;
- жақын маңдағы электр көздері.

Құбырларды тоттанудан екі әдіспен сақтандырады. Біріншісі құбырларды көп қабатты оқшаулау және әртүрлі материалдармен құрау болса, екіншісі катодты протекторлы және электрлік дренаж деп аталатын мұқият ұйымдастырылған әдістер. Бұл жағдайда жердің ылғалы, қышқылдар, тұздар және басқа жағдайлар газ құбырының бетінде гальваникалық элементтер туғызады, соның арқасында анодты бөлік, яғни темір құбырға тоттануға мүмкіндік болады.

Газ құбырлары бірден тұтынушыларға кетеді. Гидравликалық жару және ғимараттарға, шағын жылу қондырғыларына, тұрмыстық қызмет көрсетуге мемлекеттік қызмет көрсету арқылы газ мекемелерге бөлінеді. Газды реттеу пункттері бөлек жерасты бөлімдерінде орналасқан. Гидравликалық жарықшақ- тардың саны техникалық-экономикалық есеппен анықталады.

Газ құбырларын қабылдау кезінде мұқият қарап, пісіріліп жалғанған жерлер мен тоттанудан сақтағыш шаралар сапасын тексеру үшін қажет.

Дайын болған газ құбырларын көмбей тұрып қарап, кемшіліктерін шығару керек. Міндетті түрде құбырлардың жүргізілу тереңдігі, кеңістігі, қойылған тіреуіштері, тетіктердің жұмысы тексеріледі. Егер де тексерген кезде ешқандай кемшіліктер болмаса, онда газ құбырларын жоғарғы қысымдағы ауамен сынауға кіріседі.

Сынау алдында құбырларды тазалау үшін ауамен түгелдей үрлеп алады. Газ құбырларын сынау екі кезеңнен тұрады. Біріншісі, жалғану беріктігін, ал екіншісі жалпы жұмысын сынау. Сынаудың бірінші кезеңі құбырларды 20 – 25 см – ге топырақпен көміп, жалғану орындарын ашық қалдырып жүргізеді.

Қажетті қысымнан сәл жоғарғы деңгейде құбырларды 3 сағат бойы сынады да, онан әрі қысымды қажетті деңгейге дейін төмендетіп, сынау нәтижесін тексереді. Кемшіліктерді газ құбырындағы қысымды жою үшін атмосфералық деңгейге дейін төмендетеді.

Екінші кезең құбырлар жобаға сәйкес көміліп болған соң басталады. Сынау құбырдағы ауа мен топырақ температуралары теңескен соң жүргізіледі. Сынау ұзақтығы газ қысымына, құбырлар диаметріне байланысты 3 – тен 48 сағатқа дейін жүргізіледі.

Аз қабатты тұрғын үйлерді және шағын инженерлік желілерді газбен қамтамасыз ету үшін әдетте 1 немесе 2 сұйытылған газ баллонынан, қысым реттегішінен және газ құрылғыларынан тұратын газ баллонды қондырғылар қолданылады. Бір цилиндрі бар қондырғы газ құрылғысымен бір бөлмеде орналасқан; екі цилиндрмен - ғимараттардың қабырғаларынан тыс орнатылған металл шкафта орналастырылады. Көпқабатты үйлерге газ беру топтық газ-балон қондырғыларынан және жер асты резервуарларынан тұратын қондырғылардан жүзеге асырылады.

Ғимараттарды газ құрылғыларына газбен қамтамасыз ету газды табиғи газбен қамтамасыз етудегідей газ желілері арқылы жүзеге асырылады. Ауылдық елді мекендерді, өнеркәсіптік кәсіпорындарды газбен қамтамасыз ету, табиғи газды пайдалану аумақтарын одан әрі кеңейту өндіріс пен халықтың тұрмыс-тіршілігін мәдениет деңгейін көтереді. Сонымен қатар газ құрылғыларының жоғары тиімділігі технологиялық және тұрмыстық қажеттіліктерге отын шығынын азайтуға, отын балансындағы отынның басқа түрлерінің үлесін азайтуға, теміржол және су көлігін түсіруге мүмкіндік береді. Жылу жүктемелерінің газ реттеу орындарының санын анықтау:

$$n = \frac{Q_{\text{дснд}}^h}{Q_{\text{ОПТ}}^h} = 2\text{ГРП}, \quad (1.4.1)$$

Әр тұтынушыға кететін шығын:

$$n = \frac{Q_{\text{дснд}}^h}{N} = \frac{7434}{66340} = 0.112, \quad (1.4.2)$$

Бір бөліктен екінші бөлікке тарайтын газ шығыны:

$$Q_{\text{II}} = q_{\text{h.ч}}^d \cdot l_{\text{ч}}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.4.3)$$

Бір бөліктен екінші бөлікке таралатын газ шығыны:

$$Q_{\text{ГРП4-2}} = Q_{\text{II.2-1}} + Q_{\text{II.2-3}}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.4.4)$$

Газ тарату үшін есептелетін газ шығынының формуласы келесідей:

$$Q_{\text{е}} = 0,55Q_{\text{II}} + Q_{\text{ТР}}, \text{ м}^3/\text{сағ}. \quad (1.4.5)$$

мұндағы 0,55 – жол шығыстарының арақатынасна байланысты коэффициент (орташа есеппен 0,55 деп қабылдаймыз).

Желі учаскелері бойынша газ шығынын есептегеннен кейін транзиттік газ шығыстарын бөлудің дұрыстығы тексеріледі. Келесі есепті шығару жолында гидравликалық сынудан шығатын газдың шығынын анықтау керек:

- ГРО – 1

$$1) 5-5a \text{ учаскісі: } Q_{\text{грп.2-5a}} = (142.116 + 2794.056) = 2936.172 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

$$2) 11-5a \text{ учаскісі: } Q_{\text{грп.11-5a}} = (96.5 + 1362.4678) = 1458.97 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

$$\Sigma Q = 1458.97 + 2936.172 = 4395.1398 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

$$\Delta \Sigma Q = 4395.144 - 4395.1398 = 0.0042 \times 100 = 0.42\% .$$

Қажетті тұтыну газ шығыны 4395,144 м³/сағ құрайды, сәйкесінше ГРО шығу айырмашылығы 0.042% пайызды құрайды.

1) Реттегіш клапан бойынша жұмсалатын қысым анықталады:

$$\Delta P = P_1^{\text{min}} - P_2 - \Delta P_{\text{ж}}, \text{ кПа.} \quad (1.4.6)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{ж}}$ – ГРО – да жұмсалған қысымдардың қосындысы.

2) Қысым реттегіштің жұмыс режимін анықтау:

$$\frac{\Delta P}{P_1^{\text{min}}} < 0,5 \quad (1.4.7)$$

0,5 – тен кіші болған кезде қысымды реттейтін клапан арқылы өткен газ ағымының шектеуге дейінгі кезеңі.

3) Қысым реттегіш клапаннан өткізу қабілеттілігін осы формуламен анықтаймыз:

$$k_v = \frac{Q_0}{5260 \cdot \varepsilon \cdot \sqrt{\frac{P_1 \cdot \Delta P}{\rho_0 \cdot T \cdot z_1}}} \quad (1.4.8)$$

мұндағы $\varepsilon = 0,8$;

$z_1 = 1$ кірістегі газдың қысымы төмен болғандықтан ($p_1 < 1,2$ МПа); $T_1 = 273$ К.

4) РДУК 200–100/50 Өткізу қабілеттілігін анықтаймыз:

$$Q_0 = 5260 \cdot k_v \cdot \varepsilon \cdot \sqrt{\frac{(P_1 \cdot \Delta P)}{(\rho_0 \cdot T \cdot z_1)}}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.4.9)$$

5) Сүзгі таңдап орнатамыз $D=100$ мм. Ондағы қысымның жоғалуын есептейміз, $P_1=700$ кПа; $\Delta P=5$ кПа, $\rho=0,73$ кг/м³, оның өткізу қабілеттілігі $15000\text{м}^3/\text{сағ}$:

$$\Delta P = \left(\frac{Q}{Q_c}\right)^2 \cdot \Delta P_{\text{ж}} \cdot \frac{P_{2,\text{кест}}}{P_2} \cdot \frac{\rho_0}{\rho_{0,\text{кест}}}, \text{кПа}, \quad (1.4.10)$$

6) Газ қозғалысының жылдамдығын анықтаймыз:
- қысым реттегішке дейін:

$$W = \frac{Q_0 \cdot 10^4 \cdot p_0}{F \cdot 3600 \cdot p}, \text{м/с}, \quad (1.4.11)$$

- қысым реттегіштен кейін:

$$W = \frac{Q_0 \cdot 10^4 \cdot p_0}{F \cdot 3600 \cdot p}, \text{м/с}. \quad (1.4.12)$$

7) Крандарда, жергілікті кедергілерде және қауіпсіздік клапанында қысымның жоғалуын анықтаймыз:
- реттегішке дейін:

$$P_{\text{ж.к.}} = \sum \xi \frac{w^2}{2} \cdot \frac{P}{P_0} \cdot 10^{-3}, \text{Па}, \quad (1.4.13)$$

- реттегіштен кейін:

$$P_{\text{ж.к.}} = \sum \xi \frac{w^2}{2} \cdot \frac{P}{P_0} \cdot 10^{-3}, \text{Па}. \quad (1.4.14)$$

1.5 Төмен қысымды газ құбырларын гидравликалық есептеу

Жергілікті кедергілердің қоса есептелу газ қысымы:

$$\Delta P_{\text{ж}} = \frac{\Delta P_c}{1.1} = \frac{1000}{1.1} = 910 \text{ Па} \quad (1.5.1)$$

Газ тарайтын құбырдың ұзындыққа шаққандағы қысымын есептейміз:

$$1) 9 - 11 - 2 - 5 \text{ а бағыты } l = 669.5 \text{ м } \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{669.5} = 1.359 \text{ Па/м};$$

$$2) 5 \text{ а} - 5 - 7 - 9 \text{ бағыты } l = 669.5 \text{ м } \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{669.5} = 1.359 \text{ Па/м};$$

$$3) 9 - 2 - 5 - 5a \text{ бағыты } l = 400\text{м} \quad \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{400} = 2.275 \text{ Па/м};$$

$$4) 5a - 11 - 7 - 9 \text{ бағыты } l = 400\text{м} \quad \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{400} = 2.275 \text{ Па/м}.$$

Есептеулер төмендегі кесте А.4 – те көрсетілген.
Учаскі бойынша жұмсалған қысымды анықтаймыз:

$$\Delta P_{\text{учаскі}} = \frac{\Delta P}{l \cdot l_{\text{учас}}}, \text{ Па}, \quad (1.5.2)$$

Кедергілер ескере отырылып есептелетін аймақтағы қысым:

$$\Delta P_{\text{учас}} \cdot 1,1, \text{ Па} \quad (1.5.3)$$

Учаске бойынша газ ағымдарын бөлу барысында айналым бойынша сәйкессіздіктер орын алуы мүмкін,оны тексеру үшін келесідегідей формуламен анықтаймыз:

$$\Delta = \frac{\Sigma \Delta P}{0.5 \times \Sigma |\Delta P|} \cdot 100\%. \quad (1.5.4)$$

мұндағы $\Sigma \Delta P$ және $\Sigma |\Delta P|$ – сақиналық айналымдағы алгебралық және абсолютті жоғалған қысым.

Айнала жабық желілер есептегеннен соң ,есептің дұрыстығын оның 10% - дан аспайтын үйлеспеушілігінен білуге болады. Сәйкесінше есеп 10%-дан аспады.

1.6 Апатты жағдайдағы газ шығынын қарастыру

Қажетті жөндеу жұмыстарына көбінесе істен шыққан, желінген бөлшектерді ауыстыру жатады.

Күрделі жөндеу жұмыстарына мыналар жатады.

- газ құбырлары бөліктер мен тетіктерін алмастыру;
- істен шыққан газ аспаптарын алмастыру;
- тығынды крандарды алмастыру;
- қосалқы құбырларды газ етіп жатырған құбырларға жалғау.

1) Апатты жағдайлардағы газ шығынын анықтаймыз:

$$Q_{d,A}^h = 0,63 \cdot \Sigma K_k \cdot Q_i, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.6.1)$$

2) Ұзындық қатынасындағы қысым шығынының квадратын анықтаймыз:

$$\frac{\delta p^2}{1} = \frac{p_6^2 - p_c^2}{0,5 \cdot (l_{1-9} + l_{9-2})}, \text{ кПа/м}, \quad (1.6.2)$$

3) Апатты кездегі соңғы газ қысымын анықтаймыз:

1 – 9 бөлігі істен шыққан кезде:

$$p_c^p = \sqrt{p_6^2 - \sum \delta \cdot p_{\text{бөлігі}}^2}, \text{ кПа}, \quad (1.6.3)$$

1 – 2 бөлігі істен шыққан кезде:

$$p_c^p = \sqrt{p_6^2 - \sum \delta \cdot p_{\text{бөлігі}}^2}, \text{ кПа}, \quad (1.6.4)$$

Екеуіндегі қысым жеткілікті, қабылданған диаметрді қалдырамыз.

Үйлеспеушілікті анықтаймыз:

$$\Delta\% = \frac{|\delta p^2|}{0,5 \times \sum \delta p^2} \cdot 100, \%. \quad (1.6.5)$$

Үйлеспеушілік 10 пайыздан төмен болуы керек, себебі таңдалған диаметр мен есептеулердің дұрыстығын көрсетеді.

Есептеулер келесідей кесте А.5 – да көрсетілді.

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

2.1 Объектінің сипаттамасы және құрылыс шарттары:

- құрылыс аймағы басқа жұмыстар мен ғимараттардан босатылған;
- жоғары(орташа) қысымды газ құбырларын төсеуіне байланысты жұмыс;
- құрылыс жұмыстарына қажетті су және электр тоғымен қамтамасыз етілген;
- құрылыс аймағында жер бедері тегіс;
- газ құбыры жолдың шетімен төселеді;
- қазылатын жердің топырағы құм;
- газ құбыры ұзындығы 7358 м;
- орташа қысымды газ құбырларына таңдалған диаметрі 219*6 мм (0.3МПа);
- газ құбыры дайын агрегаттар мен бөлшектерден құрастырылады;
- құрылыстың басталу уақыты – хх.хх.20хх;
- төсеу әдісі: жерасты төсеу;
- құрылыс аймағы: Қаражар ауылы;
- жер асты суларының деңгейі анықталмады;
- жер сілкінісі жоқ аймақ.

2.2 Дайындық жұмыстары

Газбен жабдықтау жүйелері келесі ретпен орнатылады: тарату желісін салынады, кірістер орнатылады, ішкі газ құбырлары орнатылады және соңында газ құрылғылары орнатылады.

Газ құбырларын орнатуды қауіпсіз жұмыс әдістерін зерттеп, біліктілік комиссиясына емтихан тапсырған арнайы дайындалған монтажшылар тобы жүзеге асырады. Қауіпсіз жұмыс әдістерін білу жыл сайын тексеріледі. Дәнекерлеушілер мемлекеттік Гортехнадзор бекіткен ережелерге сәйкес аттестатталуы және газ құбырларын дәнекерлеу құқығына арнайы куәлігі болуы тиіс. Әр дәнекерлеушіге нөмір немесе шифр беріледі, оны әр дәнекерленген буынға қоюға міндетті.

Пластикалық құбырларды арнайы комиссияға емтихан тапсырған арнайы дайындалған жұмысшылар дәнекерлеуі керек.

Газбен жабдықтау жүйелерін монтаждау үшін пайдаланылатын материалдарда (құбырлар, пішіндік бөлшектер, арматура, дәнекерлеу сымы және т.б.) олардың ГОСТ және ТКК талаптарына сәйкестігін растайтын изготелевтер зауыттарының сертификаттары болуы тиіс. Жабдыққа паспорт және монтаждау және пайдалану жөніндегі Нұсқаулық қоса берілуі тиіс.

